




«Бекітемін»

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

меңгерушісі: Ермаганбетова М. С.

06 " 09 " 2024 ж

**№35 "Балбұлақ" балабақшасы МКҚК  
Меңгеруші жанындағы отырыс хаттамалары  
2024-2025ж**



## Меңгеруші жанындағы отырыс

Р/с	Шаралар	Уақыты	Жауаптылар
1	1.Құжаттарды реттеу,сапасын тексеру. 2.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы. 3.Жұмыс кестесі мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін құру. 4.Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу. 5. Аттестатталушы педагогтардың нәтижесі.	Қыркүйек	Меңгеруші Медбике Әдіскер Шаруашылық меңгерушісі
2	1. Топтарда пәндік-дамытушы ортаның ұйымдастырылуын қадағалау. 2. Ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын бақылау	Қазан	Меңгеруші Әдіскер Психолог
3	1. Санэпид талаптарының орындалуын бақылау. 2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық сапасы	Қараша	Меңгеруші Медбике Әдіскер
4	1.Балалардың біліктері (бастапқы) бойынша жарты жылдық есеп.	Желтоқсан	Меңгеруші Әдіскер
5	Балабақша ішілік заттық дамытушы ортаны қалыптастыру және оның түрлерінің жабдықтары бойынша	Қаңтар	Меңгеруші Әдіскер
6	1. Төтенше жағдайға қарсы іс-әрекет –нұсқаулық	Ақпан	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі
7	1. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау 2. Мектепке дейінгі ұйымдағы ішкі тәртіп ережелері	Наурыз	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі Медбике
8	1.Қорытынды ашық қаралымдар нәтижесі. 2.Көктемгі көшет отырғызу, көгалдандыру бойынша.	Сәуір	Меңгеруші Әдіскер Шаруашылық меңгерушісі
9	1.Балалар білімін бақылау қорытынды мониторингі. 2. Жазғы тәрбиелік-сауықтыру жұмыстарының атқарылу дайындығын анықтау	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Медбике Шаруашылық меңгерушісі

**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 1**

Өтілген күні: 06.09.2024 жыл.

Қатысқандар: -33 қызметкер

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.**
- 2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.**
- 3. Жұмыс кестесі мен ұйымдастырылған іс- әрекет кестесін құру.**
- 4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.**
- 5. Аттестатталушы педагогтардың нәтижесі.**

**Тыңдалды:**

**1-мәселе** бойынша балабақша әдіскері Ж.С.Нургалиева құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Биылғы оқу жылына тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары сағат сандары, ұйымдастырылған іс әрекет кестесі циклограммадағы өзгерістер қаралды екі ортаңғы топ, екі ересек, екі мектепалды топтар жоспарларыңыз бір болу қажет екенін ескертті. Балалардың мониторингтен кейінгі жеке даму карталары әр бастапқы, аралық, қорытындыда толық уақытымен жазылып отыру қажет екенін ескертті. Әр құжаттар арналған папкіге жинақталып мөрі, қол қойылған талапқа сай болуын ескертті.

**2-мәселе** бойынша шаршуашылық меңгерушісі А.Т.Шадманова: Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілгенін. Топта қажетті құралдар жеткілікті бала санына сай толықтырылған керуеттер орындық, үстелдер жеткілікті. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орындарының жайлылығын ретке келтірілгенін. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралатынын. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары ауыстырылғанын айтты. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің әрі жарық, әрі жылы болуын қадағаланды. Оқу қызметі өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бергенін. Балалардың ән мен дене шынықтыру, би ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылғанын. Сондай –ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

**3- мәселе** бойынша балабақша әдіскері топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекітілгенін. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестелері бойынша жұмыстарын жүргізетінін. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы орындап, жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен орындалып жатқанын айтты. Сондай-ақ тәрбиешілер әр ұйымдастырылған іс әрекеттерде балаларға қажетті үлестірмелі материалдармен, көрнекі құралдар толықтырылып отыру керектігін атап өтті.

**4-мәселе** бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі Ермаганбетова М.С. балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді.

**5 – мәселе** бойынша Педагогтарды аттестаттау туралы айтып өтті. Биылғы оқу жылына 28.08.2024 №42 бұйрығымен сәйкес С.Сенгалиева тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог –модератор» біліктілік санаты берілді. 2024-2025 оқу жылына өтініш беретін педагогтар Г.Байсеркешова «педагог- зертеуші» А.ИДжумагалиеваның «педагог-сарапшы», Л.Толыбаева музыка жетекшісі «педагог-сарапшыға» құжаттарын талдау, тексеру. тексеру барысында көптеген түзетулер енгізілді

**Шешімі:**

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша әдіскеріне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақшаның шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Жұмыс кестесі мен ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесінің құрылуына және оқу құжаттардың дұрыс жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалар мен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі «жақсы» болып табылсын .
5. Аттестацияға барушы педагогтардың құжаттарын толықтыруды ұсыну

**Кеңес төрайымы:****Ермаганбетова М.С.****Хатшы:****Нурғалиева Ж.С.**

**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 2**

Өтілген күні: 11.10.2024 жыл.

Қатысқандар: -33 қызметкер.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

**1. Топтарда пәндік-дамытушы ортаның ұйымдастырылуын қадағалау.**

**2. Ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын бақылау**

**Тыңдалды:**

**1-мәселе** бойынша балабақша әдіскері Ж.С.Нургалиева пәндік дамытушы орталықтарды қозғалыс белсенділігін қажет ететін ойышықтармен және жабдықтармен қамтамасыз етіп, олардың орындарын жиі ауыстырып, санитарлық өңдеу тәртібін сақтау қажетігі. Мысалы: баланың қолы жететін жерге автодидактикалық, ойын материалдарын орналастырып, ойын бөлмелерінде өзгертуге жеңіл тақырыптық дамыту орталықтарын: «Желілі -рөлдік ойындар бұрышы», «Сенсорлық ойындар бұрышы», «Табиғат бұрышы», «Құм және су» «Кітап бұрышы», «Қуыршақ», «Сәндену бұрышы» «Оқшаулану бұрышын» жабдықтауға ұсыну.

Пәндік-дамытушы ортаны құрған жағдайда келесі ережелерді есте сақтау қажетігі:

1. Пәндік дамытушы орта білім беруші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы, ұйымдастырушы, коммуникативтік функциясын атқаруы тиіс. Пәндік-дамытушы ортаның топтасуы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі қажет, білім беру үдерісінің біртұтастылық қағидатына сай келуі тиіс;
2. Кеңістікті икемді және вариативті қолдану қажет. Орта баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналуы тиіс;
3. Заттардың формасы мен дизайны балалардың қауіпсіздігіне және жасына бағдарлануы тиіс;
4. Әрбір топта балалардың эксперименттік іс-әрекеттеріне арналған орынды қарастыруы қажет;
5. Топтық кеңістікте заттық ортаны ұйымдастыра отырып, психикалық даму заңдылықтарын, олардың денсаулық көрсеткіштерін, психофизиологиялық және коммуникативтік ерекшеліктерін, жалпы және сөйлеуінің даму деңгейін, сонымен қатар, эмоционалдық -қажеттілік саласының көрсеткіштерін ескеру қажет;
6. Түс палитрасы жылы, пастельді түстерде болуы тиіс;
7. Топтық бөлмеде дамытушы кеңістікті құру кезінде ойынның басты рөлін ескеру қажет;

8. Топтың заттық - дамытушы ортасы балалардың жас ерекшеліктерін, оқу кезеңі мен білім беру бағдарламасына байланысты ауысуы тиіс екенін айтты.

1. 2 - мәселе бойынша, балабақша шаруа меңгерушісі: Қызметкерлер мектепке дейінгі ұйымдағы ішкі тәртіп ережелері нұсқаулықтармен кезекті мәрте таныстырылып өтті. Балабақша қызметкерлерінің жалпы ережелері: қызметкерлердің міндеттері, жұмыс уақыты және оны қолданылуы туралы қатаң ескертілді. Ішкі тәртіп ережелерінің орындалу барысы баяндалды. Бақылау барысында барлық талаптар өз мәнісінде ойдағыдай орындалатындығы анықталды.

**Қорытынды:** Балабақша қызметкерлерінің жалпы ережелері: қызметкерлердің міндеттері, жұмыс уақыты, ішкі тәртіп ережелерінің орындалуы талапқа сай.

### **Шешімі:**

1. Дамытушы орта қауіпсіз, жайлы, қолайлы бұрышын молайтуды қадағалау балабақша әдіскеріне жүктелсін.
2. Жаңадан қосылған педагогтар бұдан әрі ішкі тәртіп ережелерін бұлжытпай орындау үшін лауазымдық нұсқаулыққа қол қою арқылы міндеттеуді балабақша шаруа меңгерушісіне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Ермаганбетова М.С.

Хатшы:

Нурғалиева Ж.С.

**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 3**

Өтілген күні: 22.11.2024 жыл.  
Қатысқандар: -33 қызметкер

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1. Санэпид талаптарының орындалуын бақылау.**
- 2. Тәрбиешінің ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық сапасы.**

**1 мәселе бойынша балабақша медбикесі: Дүйсенова Қ.Ж.**

Бақылау барысында барлық топтар мен

**Тыңдалды:** балабақша ішінде Санэпид талаптарының орындалуы қатаң қадағаланды. Барлық топтың санитарлық жағдайы қалыпты, кеңістік үнемі жиналады, жарық санитарлық нормаларға сай. Топта бөлме температурасын өлшейтін градусниктер қойылған, талапқа сай денсаулық бұрыштарында жеткілікті деңгейде дене қызуын өлшейтін құрал, алғашқы көмекке көрсететін аптекалық қобдиша қойылған. Топ бөлмелері, қабылдау бөлмесі және дәретхана уақытылы тазаланып жуылатындығы анықталды. Бөлмелерді кварцтеу уақыты орындалады, тәрбиешілер уақытын белгілеп кварц дәптерін толтырып отырады. Акт залдағы спорттық құрал-жабдықтарды жууға кезекшілік құрылған, тәрбиешілер үнемі жуады. Барлық топтардағы жабдықтар нормаға сай екендігі анықталды.

**2-мәселе** балабақша меңгерушісі Ермаганбетова М.С. Бақылау барысында барлық педагогтардың ашық ұйымдастырылған іс әрекеті қаралды. Негізгі міндет мектеп жасына дейінгі балаларда жаңартылған оқу бағдарламасын қалыптастыруды ашық қаралымдарда қолдануын анықтау. Балалардың ұйымдастырылған іс әрекетіндегі игерген біліктері байқалады. Педагогтардың перспективті жоспарындағы айлық тақырыбы циклограммада да, балалармен жүргізілетін кез келген жұмыстардың түрлерінде де жаңартылған оқу бағдарламасын қалыптастыру жоспарланған. Ашық қаралымдарды бақылау барысында төмендегідей көрсеткіштер анықталды және жаңартылған оқу бағдарламасын қалыптастыру тақырыптардың тиімділігі анықталды.


**Қорытынды:** Санэпид талаптарының орындалуы жағдайын тексеру, анықтау қанағаттанарлық деп табылсын. Осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігін көтеруді жалғастыру.

**Шешімі:**

1. Санэпид тәртібінің орындалуы одан әрі қадағалап, күшейту. балабақша медбикесіне жүктелсін.
  2. Жоғары деңгейде өткен ашық қаралымдарды тәжірибе алмасу мақсатында баспаларға жариялауды қадағалау балабақша әдіскеріне жүктелсін.
- Төменгі көрсеткіштегі педагогтар алдағы уақытта кемшіліктерді ескеру, түзету, жою;

Оқу жылына өтілген барлық ҰІӨ видеосабақтар даярланып ютуб желісіне жүкте  
ұсынылды.

Кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Ермаганбетова М.С.  
Нурғалиева Ж.С.

**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 4**

Өтілген күні: 27.12.2024жыл.

Қатысқандар: Педагогтар-17

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

**1.Балалардың біліктері (бастапқы ) бойынша жарты жылдық есеп.**

**Тыңдалды:** Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен	олардың ішінде жоғары	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен	олардың ішінде жоғары	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен	олардың ішінде жоғары	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен	олардың ішінде жоғары	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен
ортаңғы топ	42	9	24	9	7	25	10	7	24	11	9	22	11	8	24	10
ересек топ	50	13	28	9	24	16	10	12	30	8	23	20	7	16	24	10
мектепалды топ	50	37	13	0	36	14	0	36	12	2	38	12	0	32	15	3
<b>Барлығы</b>	<b>142</b>	<b>59</b>	<b>65</b>	<b>18</b>	<b>67</b>	<b>55</b>	<b>20</b>	<b>55</b>	<b>66</b>	<b>21</b>	<b>70</b>	<b>54</b>	<b>18</b>	<b>56</b>	<b>63</b>	<b>23</b>
<b>%</b>	<b>100</b>	<b>42</b>	<b>46</b>	<b>13</b>	<b>47</b>	<b>39</b>	<b>14</b>	<b>39</b>	<b>46</b>	<b>15</b>	<b>49</b>	<b>38</b>	<b>13</b>	<b>39</b>	<b>44</b>	<b>16</b>

2024 жылдың қыркүйек айының 1-10 аралығында барлық топтарда балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері шығарылды.

**Шешімі:**

Алдағы уақытта балалардың біліктері мен дағдыларының деңгейін көтеру мақсатында төменгі көрсеткіш көрсеткен тәрбиеленушілермен түзету жұмыстарын жүргізеді.

Кеңес төрайымы:

Ермаганбетова М.С.

Хатшы:

Нурғалиева Ж.С.



**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 5**

Өтілген күні: 08.01.2025 жыл.  
Қатысқандар: Педагогтар-17

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:** Балабақша ішілік заттық дамытушы ортаны қалыптастыру және оның түрлерінің жабдықтары бойынша

**Тыңдалды: әдіскер Нургалиева Ж.С.**

Топтардың оқыту-тәрбиелеу жоспарындағы заттық дамытушы орта арқылы тәрбие беруді бақылау бойынша: Танымдық даму аймағы -сенсорлық ойындар бұрышы, заманауи ойыншықтар, эксперимент жасау бұрышы, табиғат бұрышы, әдеби- тілдік аймақ, қуыршақ бұрышы, кітап бұрышы, қуыршақ театры бұрышы, сюжетті-рольдік ойындар бұрышы, шығармашылық даму аймағы, музыкалық ойыншықтар бұрышы, бейнелеу бұрышы, шығармашылық іс-әрекет үшін атрибуттар, белсенді қозғалыс аймағы, спорт құралдары мен жабдықтары және т.б. қозғалмалы ойыншықтар бұрышын бірнеше түрлерімен жабдықты.

Тәрбиеленушілерге дамытушы ортаны неғұрлым тиімді ұйымдастыру үшін педагогтарға:

- Топ бөлмесінде заттық дамытушы орта бұрышын толықтыру, жаңарту;
- Заттық дамытушы орта бойынша бірлескен іс-шараларды құруға көмек;
- Дамытушы орта бойынша көрнекі құралдар жасауға көмек.

Барлық жас ерекшелік топтарында заттық дамытушы орта бойынша жүргізілетін жұмыстары әдістеме мен бағдарлама талаптарына сай, түрлендіруге әлі де толықтырулар қажет етеді.

**Қорытынды:** Балабақшада тәрбиеленушілерге заттық дамытушы ортада тәрбие беру бойынша жүргізілетін жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын. Осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігін көтеруді жалғастыру.

**Шешімі:**

1. Ата-аналарды бала бақша өміріне белсенді араластыру.
2. Барлық жас ерекшелік топтарында заттық дамытушы орта бұрышын түрлендіру.
3. Балаларға дамытушы ойында арқылы тәрбие беру барысында педагогтар заттық дамытушы көрнекіліктер көмегімен ойындар өткізуді қолдану.

Кеңес төрайымы:  
Хатшы:



Ермаганбетова М.С.  
Нургалиева Ж.С.

**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 6**

Өтілген күні: 28.02.2025 жыл.  
Қатысқандар: -33 қызметкер

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Төтенше жағдайға қарсы іс-әрекет – нұсқаулық

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі М.С.Ермаганбетова Антитеррорлық топтың терроризм және экстремизмге қарсы мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жұмыстың жоспары құрылғандығы, жоспар құрылғандығын айтып өтті. Объектіде төтенше жағдай орын алған кезде қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерін бұлжытпай нұсқаулық бойынша орындауды талап етті. Шаруашылық меңгерушісіне квартал сайын нұсқаулық өткізіліп, хаттамаға қол қойдырылу туралы ескертілді. Сыртқы және ішкі бақылау камераларының жұмысын қадағалауды, күзет қызметінің жұмысын, дабыл түймесінің іске қосылып тұруын қадағалауды айтты.

**Шаруашылық меңгерушісі:** А.Т.Шадманоа Мекемеде төтенше жағдайға қарсы жұмыстар жиналыста айтылып жүретінін, күнделікті тексеріс жұмыстары жүргізілетіндігін айтты. Мекемеде төтенше жағдайға қарсы топтар: оның ішінде эвакуациялық, жедел, азаматтық қорғаныс мүшелері жұмыс жасауда. Төтенше жағдай орын алғанда Құқық қорғау органына, ТЖМ бөліміне, аудан әкімшілігіне, 112,110,102 жедел қызметке хабарлап, жедел көмек шақыру керектігін айтты.

Адамдарға алғашқы көмек көрсетіп, қауіпті аймақтан алып шығу керек. Егер жарақат алған адам болса, емдеу бөліміне жіберілу керек. Қауіпті аймақты оқшаулап, адамдарды жібермеу керектігін айтты.

**Шешімі:**

1. Шаруашылық меңгерушісіне төтенше жағдайға қарсы жұмысты жалғастыру жүктелсін.
2. Жаңадан қосылған қызметкерлер дер кезінде нұсқаулықпен таныстырылып, ережелерін бұлжытпай орындау үшін нұсқаулыққа қол қою арқылы міндеттеуді балабақша шаруа меңгерушісіне жүктелсін.

**Кеңес төрайымы:**

**Ермаганбетова М.С.**

**Хатшы:**

**Нурғалиева Ж.С.**



**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2023-2024 оқу жылы  
Хаттама № 7**

Өтілген күні: 31.03.2025жыл.  
Қатысқандар: -33 қызметкер

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы ішкі тәртіп ережелері

**Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С.Ермаганбетова:**

Балабақшадағы тәрбиеленуші балаларды тамақтандыру үшін арналған 10 күндік, (қыс, жаз) мезгіліне арналған ас мәзірі мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануы үшін, күнделікті бала ағзасына қажетті калорийдің жеткілікті болуы үшін балабақша медбикесі және қамқоршылық кеңес төрағасымен келісіле отырып ас мәзірі бекітілгенін айтты.

**Шаруашылық меңгерушісі: Шадманова А.Т.** – 2 мәселе бойынша, Қызметкерлер мектепке дейінгі ұйымдағы ішкі тәртіп ережелері нұсқаулықтармен кезекті мәрте таныстырылып өтті. Балабақша қызметкерлерінің жалпы ережелері: қызметкерлердің міндеттері, жұмыс уақыты және оны қолданылуы туралы қатаң ескертілді. Ішкі тәртіп ережелерінің орындалу барысы баяндалды. Бақылау барысында барлық талаптар өз мәнісінде ойдағыдай орындалатындығын айтты.

**Шешімі:**


1. Жаңадан қосылған қызметкерлер дер кезінде нұсқаулықпен таныстырылып, ережелерін бұлжытпай орындау үшін нұсқаулыққа қол қою арқылы міндеттеуді балабақша шаруа меңгерушісіне жүктелсін.

**Кеңес төрайымы:**

**Ермаганбетова М.С.**

**Хатшы:**

**Нурғалиева Ж.С.**



**№35 «Балбұлақ» балабақшасы  
меңгеруші жанындағы кеңес  
2024-2025 оқу жылы  
Хаттама № 8**

Өтілген күні: 30.04.2025 жыл.  
Қатысқандар: -33 қызметкер

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

- 1.Қорытынды ашық қаралымдар нәтижесі.
- 2.Көктемгі көшет отырғызу, көгалдандыру бойынша.

**Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі М.С.Ермаганбетова 1-мәселе бойынша, Бақылау барысында барлық педагогтардың бес дағды бойынша ашық ұйымдастырылған іс әрекеті қаралды. Негізгі міндет балалардың жыл бойғы ұйымдастырылған іс әрекетіндегі игерген біліктілігін анықтау.

Педагогтардың перспективті жоспарындағы айлық тақырыбы циклограммада да, балалармен жүргізілетін кез келген жұмыстардың түрлерінде де балалардың өмірін сақтауда қауіпсіздік ережелерді үйрету жоспарланған. Ашық қаралымдарды бақылау барысында төмендегідей көрсеткіштер анықталды және де балаларды бес сала бойынша ҰІӨ үйрету тақырыптардың тиімділігі анықталды.Барлық топ тәрбиешілері ұйымдастырылған ашық әрекет барысын талапқа сай өткізді,ашық қаралымдар хаттамасына толтырылып, бақылау парақтары толтырылды.Өте жақсы өткен ашық қаралымдар баспаға беруге ұсынылды.Олар.Нурпис Г.Джумағалиева А.Түгелбай А.Камыспаева Г.

Шаруашылық меңгерушісі: Шадманова А.Т. – 2 мәселе бойынша: Биылғы көшет егу жұмыстарына балабақшада әр участік өз үлескілеріне ата аналармен бірлесе отырып гүл көшеттерін егу жұмыстарын бастайды.Жылдағыдай ағаштар қиылып, әктеліп, қопсыту ағаш түптерін жүргізіліп отырады. Балабақша ауласында әр топ учаскесін қоршап тұрған көптеген қара ағаштар бар,ақ , күлгін сиреньағашы бар, алма , алмұрт, шие ағаштары, терек ағаштары, туя бұтақтары, көпеген роза гүлдері бар. Биыл тағы қосымша 10 түп үйеңкі 4 шие көшеттері отырғызылды.

**Шешімі:**

1. Қорытынды ашық қаралымдар газет журналдарға жарияланымға ұсынылсын
2. Көктемгі көшет отырғызу, көгалдандыру бойынша қадағалау шаруа меңгерушісіне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Ермаганбетова М.С.

Хатшы:

Нурғалиева Ж.С.



**№35 «Балбұлақ» балабақшасы**  
**меңгеруші жанындағы кеңес**  
**2024-2025 оқу жылы**  
**Хаттама № 9**

Өтілген күні: 30.05.2025 жыл.  
 Қатысқандар: -33 қызметкер

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Балалар білімін бақылау қорытынды мониторингі.
2. Жазғы тәрбиелік-сауықтыру жұмыстарының атқарылу дайындығын анықтау

**Тыңдалды:**

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі


Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Ортаңғы топ	47	29	13	5	22	20	5	23	18	6	23	19	5	22	20	5
Ересек топ	50	32	15	3	21	23	6	26	19	5	23	23	4	28	18	4
Мектепалды тобы	50	50	0	0	48	2	0	48	2	0	50	0	0	48	2	0
<b>Барлығы</b>	<b>147</b>	<b>111</b>	<b>28</b>	<b>8</b>	<b>91</b>	<b>45</b>	<b>11</b>	<b>97</b>	<b>39</b>	<b>11</b>	<b>96</b>	<b>42</b>	<b>9</b>	<b>98</b>	<b>40</b>	<b>9</b>
<b>%</b>	<b>100</b>	<b>76</b>	<b>19</b>	<b>5</b>	<b>62</b>	<b>31</b>	<b>7</b>	<b>66</b>	<b>27</b>	<b>7</b>	<b>65</b>	<b>29</b>	<b>6</b>	<b>67</b>	<b>27</b>	<b>0</b>

2 мәселе: Жазғы тәрбиелік-сауықтыру жұмыстарының атқарылу дайындығын анықтау бойынша ойын алаңдарында ойындар, ойыншықтар мен құралдардың іріктелуі саны мен сапасы тұрғысынан оңтайлы болып табылады. Ойын құралдары бөлменің барлық бұрышына қойылған және түрлеріне қарай топтастырылған. Ойын әрекетіне жеткілікті орын бөлінген. Топта заттық дамытушы ортаны қалыптастыруды қадағалау. Қыз балалардың да, ер балалардың да ойынға қызығушылығы жеткілікті деңгейде ескерілген. Ойын материалдарының деңгейі жаңа бағдарламамен жүргізілуде және жаңа стандартқа сәйкес. Барлық топтар жаз дайын. Қауіпсіздік техникасын және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ережені ескеру мақсатында жазғы нұсқаулықпен таныстырылды. Санитарлық жағдай, топ кеңістігінің тазалығы (санэпидрежим) сақталған және бала туралы ақпараттың мебельде белгіленуінің сәйкестігі дұрыс екені анықталды. Стендтер, жылжымалы папкалар, олардың жасақталуы (ата-анамен жұмыс) ретке қойылған.

**Шешімі:**

1. 2024 жылдың мамыр айының 20-30 аралығында барлық топтарда балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша, қорытынды мониторинг нәтижелері шығарылды.
2. Алдағы уақытта балалардың біліктері мен дағдыларының деңгейін көтеру мақсатында төменгі көрсеткіш көрсеткен тәрбиеленушілермен түзету жұмыстарын жүргізеді.
3. Қауіпсіздік техникасын және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ережені үнемі ескеру;
4. Жазғы тәрбиелік-сауықтыру жұмыстарының атқарылу дайындығын бойынша талапқа сай.

Кеңес төрайымы:



Ермаганбетова М.С.

Хатшы:

Нурғалиева Ж.С.